

**Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы "Бурабай ауданы,
Щучинск қаласы, Жоғары техникалық колледжі" МКҚК-нің 2023
жылға арналған мемлекеттік қызметтер бойынша есебі**

1. Жалпы мәлімет:

1) Қызмет көрсетуші туралы мәліметтер: Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы "Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Жоғары техникалық колледжі" МКҚК.

Заңды мекенжайы: Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Абылайхан көшесі, 50.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат:

Білім беру ұйымында 8 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі:

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қамқорлықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқитын білім алушыларға жатақхана беру;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау;

- Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қалпына келтіру;

- Техникалық-кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімін аяқтамаған азаматтарға анықтама беру;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқитын білім алушыларға академиялық демалыс беру;

- Білім беру құжаттары жайлы мәліметтерді өзекті қылу (түзетулер жасау).

2023 жылы барлығы - 725 қызмет түрі көрсетілді;

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген қызметтер саны - 61 қызмет;


электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны - 548 қызмет;

қағаз нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны - 116 қызмет.

2023 жылы көрсетілген мемлекеттік қызмет түрлері



2022 жылы көрсетілген мемлекеттік қызмет түрлері



Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызмет түрлері тегін көрсетіледі.

3) *Неғұрлым жоғары сұраныстағы көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері туралы ақпарат:*

Білім ордасында ең көп сұранысқа ие, көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері:

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау" - 2023 жылы барлығы 350 қызмет;

"Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитын білім алушыларға жатақхана ұсыну" - 2023 жылы барлығы 147 қызмет.

2. Қызмет көрсетуші ұйыммен жұмыс :

1) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттың дерек көздері мен оған қатысты қолжетімді орындар жайлы мәліметтер.

Қызмет көрсетушілер үшін барлық қажетті ақпарат, мемлекеттік қызмет көрсету түрлеріне қатысты ереже, колледждің ресми ғаламтор қорының <https://vtk.aqmoedu.kz> / "Мемлекеттік қызмет көрсету" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету түрлері бойынша ереже ақпараттық стендтерде де орналастырылған. Колледждің оқу корпусында қызмет көрсетушілер үшін, Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің "Мемлекеттік мекемелер мен жергілікті атқарушы ұйымдардың бірыңғай жұмыс орнына немесе терминалдық жүйесіне, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің компоненттеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2019 жылғы 25 қарашадағы № 322/НҚ бұйрығының талаптарына, техникалық сипаттамалары бойынша сәйкес келетін компьютермен, веб-камерамен, картридермен, КФҚ-мен жарақтандырылған өзіне қызмет көрсету бұрышы ұйымдастырылды.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және тағы басқа).

2023 жылы білім беру ұйымы атынан БАҚ-қа 1 мақала жарияланды, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша 3 жиын өткізіліп, колледждің ресми ғаламтор-қорында 1 тікелей эфир және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қатысты 13 басылым жарияланды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісін жетілдіруге қатысты іс-шара.

1) Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қауіпті төмендету және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 2020 жылдан бастап білім беру ұйымдарында ҚР БҒМ ММ АЖО жүйесі жұмыс істейді, онда 3 мемлекеттік қызмет көрсету жұмысы қолжетімді.

Сонымен қатар, "College Smart Nation" ақпараттық жүйесінде 7 мемлекеттік қызмет көрсету түрі автоматтандырылды.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.

Колледжде, белгіленген талаптарға сәйкес, техникалық сипаттамалары бойынша қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген 4 қызметкер мемлекеттік қызмет көрсетеді. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты барлық қызметкерлердің тиісті біліктіліктілігін арттыру курстары бойынша өзекті сертификаттары бар.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.

1) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат. Шағымдар түскен жоқ

2) Мемлекеттік қызмет көрсету сапасының қоғамдық бақылаудың нәтижелері.

2023 жылы мемлекеттік қызмет көрсету барысында олқылықтар анықталмады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бұзылуына жол бермеу бойынша қажетті шаралар қабылдануда.

5. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты тиімділігі мен қанағаттанушылығын арттыру перспективалары.

Көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттанушылығын арттыру және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында колледж, 2024 жылы Ақмола облысы білім басқармасының бақылау іс-шараларының жоспарына сәйкес, жеке және заңды тұлғаларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастырады.